

«Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін
мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Сәкен - жырдың сарқылмас дариясы»



Педагог ұйымдастырушы Кукеева Ж.

2023-2024 оқу жылы

«Сәкен - жырдың сарқылмас дариясы»

Мақсаты: ақын шығармаларының өміршеңдігін көпшілікке таныту, оқырмандардың шығармашылық қабілетін жетілдіру, қазақ халқының зиялыларының бірі С.Сейфуллин жайлы оқушыларға мағлұмат беру. С.Сейфуллин есімін құрметтеуге, ұмытпауға тәрбиелеу.

Кеш барысы:

1-оқушы

Жапырақтар жамырап шуламаңдар,
Сұр толқындар, аңырап туламаңдар.
Жыламаңдар, ағайын, жыламаңдар,
Мәңгі өлмейтін ортаңда тірі адам бар.

2-оқушы

Мен-Сәкенмін!
Сейфолланың баласы,
Жазылмаған жүрегімнің жарасы.
Мен құдайдың ажалынан өлгем жоқ,
Мені өлтірген адамдардың аласы.
Он жетіде ту ұстадым қолыма,
Мақтанышпен мадақтадым оны да!
Қыран едім, қанатыммен соғылып,
Өзім түстім қастандықтың торына.

3- оқушы

Көжегіне ұқсамадым қоянның,
Қатарымнан тым ертерек ояндым.
Қызыл туды жырлап едім армансыз,
Ақырында, қызыл қанға боялдым.
Бостандықтың күте-күте әр таңын,
Енді соның шын азабын тартамын!
Мені атқан адамдардан қорықпаймын,
Елін сатқан адамдардан қорқамын!

I жүргізуші

Армысыздар, құрметті қонақтар! XX ғасырдағы қазақ поэзиясын жаңа түр, тың мазмұнмен байытқан ақиық ақын, ірі мемлекет қайраткері, сарабал жазушы, драматург, әдебиет зерттеушісі, республика қаламгерлерінің бетке ұстар беделді серкесі, осыларға сал - серілігі мен сирек ұшырасатын сымбаттылығы қосылып, көзінің тірісінде - ақ аты аңызға айналған Сәкен Сейфуллин «Сәкен – жырдың сарқылмас дариясы» деп аталатын әдеби кешімізге қош келдіңіздер!

II жүргізуші

Атыңнан айналайын қайран Сәкен,
Ұмытпан демім бар да тұлғанды әсем.
Ту ұстап, тұлпар мініп, қол бастаған,
«Тар жолда, тайғақ кешіп» болдың көсем.

I жүргізуші

Қуанды елің, өшкенімді жандырдың,
Ерлігіңмен ел мейірін қандырдың.
Ту түбінен таймай барып ту алып,
Ер атыңды мәңгі өшпестей қалдырдың.

II жүргізуші

Сәкен атамыздың өмір жолына кезек берсек. Лед экранға назар аударамыз.
(Бейнебаян)

I жүргізуші

Тұрсынбек Аруназдың орындауында «Нар ағашы» күйін қабыл алыңыздар!

4- оқушы

Сәкен Сейфуллиннің өмір жолы өнегелі әрі қайғылы. Ол найзағайдың жарқылы немесе дауылпаздың самғауына ұқсайды.

«Оның шыншылдығы – шын жүрек шыншылдығы. Сондықтан оның жолы – әр адымын санап басқан кісінің жолы емес, ылдиы бар, өрі бар өмір жолы, ыстық қанды нағыз ақын жолы», - деп Мұхтар Әуезов атап көрсеткен Сәкен Сейфуллиннің өмірі, шығармашылық жолы қандай болған екен?

5- оқушы

Сәкен Сейфуллин — бірталай поэма жазған ақын. Өмірдегі, басқа да көркем туындыларындағы сияқты ақын негізінен поэмаларында жаңа заман тақырыбын азаттық жолындағы күрес идеясын жырлады. Сонымен қатар Сәкен Сейфуллин халық аңыздарына сүйеніп, елдің батырлық, гуманистік дәстүрлерін адамдық ізгілікті, қазақ жерінің көркем табиғатын суреттейтін кең тынысты поэмалар жазды. «Аққудың айрылуы», «Көкшетау» поэмасы, «Бандыны қуған Хамит» әңгімесі, «Тар жол тағақ кешу» романы тағы да басқа шығармалары бар.

6- оқушы

Сәкен Сейфуллин теңдікті аңсады. Бай мен кедей арасындағы тартысты, әділетсіздікті жырлады. Болашағымыздың бостандығы үшін күресіп, арттарында өшпестей із қалдырды. С. Сейфуллин 1920-1924 жылдары Қазақ Автономиясының өркендеп, нығаюы үшін зор үлес қосқан үкімет басшысы; Ол – Қазақстандағы ағарту ісін ұйымдастырып, дамытуға ерекше күш салған қайраткер.

7- оқушы

С. Сейфуллин – қазақ әдебиеттану ғылымына өзіндік үлес қосқан ғалым. С.Сейфуллин есімімен көптеген ауыл, елді мекендер, театр, мектеп,

кітапхана, көшелер аталады. 1985 жылдан Целиноград қаласында (қазіргі Астана қаласы) С.Сейфуллин мұражайы жұмыс істеді. Мұражай жанында ақынның ескерткіші орналасқан. Сәкен жалынды күрескер-патриот, сегіз қырлы, бір сырлы: ақын, жазушы, драматург.

I жүргізуші

Ендігі кезекте сұрақ-жауап айдарына кезек берсек.

1. С.Сейфуллин қай жылы және қай жерде дүниеге келді?
(1884 жылы қазан айының 15-інде Ақмола уезіне қарасты Нілді болысында (қазіргі Жезқазған облысы Ағадыр ауданы)
2. Сәкеннің әкесінің аты кім? (Сейфолла)
3. Сәкеннің шын есімі? (Сәдуақас)
4. Сәкен анасын еркелетіп қалай атады? (Жәмеке)
5. Ақынның әйгілі поэмасы қалай аталады? (Көкшетау)
6. Ең алғашқы өлең кітабы неше жаста басылып шықты? (20 жаста)
7. С.Сейфуллиннің неше баласы бар? (екі баласы бар Лаура, Аян)

II жүргізуші

Ералы Назымның орындауында «Келіншек» күйін қабыл алыңыздар!

I жүргізуші

Асуы жоқ асулардан асайық,
Ашылмаған тас қақпаны ашайық,
Болмағанды болдырайық дүниеге,
Жаңа тұрмыс жаңа жерге жасайық!-деп ақынның ой мен сезім астасқан жырларын жаттаған жас қауым да ақын өлендерін ешқашан естен шығармайды деп сенеміз дей келе, бүгінгі « Сәкен - жырдың сарқылмас дариясы» атты кешіміз аяқталды. Көңіл қойып таңдағандарыңызға көп рахмет!

«Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023-2024 оқу жылында «Оқуға құштар жобасы аясында» ұйымдастырылған «Сәкен - жырдың сарқылмас дариясы» атты сыныптан тыс іс шараның

АНЫҚТАМАСЫ

Мақсаты: ақын шығармаларының өміршеңдігін көпшілікке таныту, оқырмандардың шығармашылық қабілетін жетілдіру, қазақ халқының зиялыларының бірі С.Сейфуллин жайлы оқушыларға мағлұмат беру. С.Сейфуллин есімін құрметтеуге, ұмытпауға тәрбиелеу.

Пед ұйымдастырушы Кукеева Жаннаның ұйымдастыруымен мектеп кітапханасында 5 «Ә» сынып оқушыларына «Оқуға құштар жобасы аясында» С.Сейфуллиннің 130 жыл толуына орай «Сәкен - жырдың сарқылмас дариясы» атты сыныптан тыс іс шара болып өтті. Іс шара барысында оқушыларды Сәкен Сейфуллиннің өмірімен, шығармашылығымен танысып өтті. Сәкен Сейфуллиннің өмір жолы өнегелі әрі қайғылы. Ол найзағайдың жарқылы немесе дауылпаздың самғауына ұқсайды. Сәкен Сейфуллин — бірталай поэма жазған ақын. Өмірдегі, басқа да көркем туындыларын ақын негізінен поэмаларында жаңа заман тақырыбын азаттық жолындағы күрес идеясын жырлады. Сонымен қатар Сәкен Сейфуллин халық аңыздарына сүйеніп, елдің батырлық, гуманистік дәстүрлерін адамдық ізгілікті, қазақ жерінің көркем табиғатын суреттейтін кең тынысты поэмалар жазды. Сәкен Сейфуллин теңдікті аңсады. Ол шығармаларында бай мен кедей арасындағы тартысты, әділетсіздікті жырлады. Болашағымыздың бостандығы үшін күресіп, артында өшпестей із қалдырды. Кеш барысында оқушылар Сәкеннің өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқыды. Ақынның шығармаларынан үзінді оқылып, бір біріне сұрақ қою арқылы талқыланды. Одан әрі оқушылар ақынның өлеңдеріне жазылған әндерді бейнетаспадан тыңдады. Кеште Тұрсынбек Аруназ «Нар ағашы» күйін нақышына келтіре отырып орындаса, Ералы Назым «Келіншек» күйін орындады.

Асуы жоқ асулардан асайық,

Ашылмаған тас қақпаны ашайық.

Болмағанды болдырайық дүниеге,

Жаңа тұрмыс жаңа жерге жасайық!- деп ақынның ой мен сезім астасқан жырларын жаттаған жас қауым да ақын өлеңдерін ешқашан естен шығармайды деп сенеміз.

